

Абдуалиева Маржан Амирбековнаның 6D010900-«Математика» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін

даярлаған «Болашақ математика мұғалімінің электронды дидактикалық құрал-жабдықтарды қолдануға әдіснамалық білімдерін қалыптастыру» атты диссертациясына

ШКІР

1. Зерттеу тақырыбының өзектілігі мен оның жалпы ғылыми және жалпы мемлекеттік бағдарламалармен (практиканың және ғылым мен техника дамуының сұраныстарымен) байланысы.

Математиканы мектепте оқыту мақсаттары: қоршаған ортаны танып-білуге, математиканы пайдалануға үйрету; ғылыми-техникалық прогрестің негізгі бағыттары мен маңызын түсіну; оқушылардың логикалық ойлау, метатнымдық қызметтерін дамыту; қоғамдағы нарықтық қатынастарды танып-білу жөніндегі мәселелерді шешуге қолайлы жағдай туғызу.

Ал, математикадағы бұл мәселелердің жоғары дәрежеде шешімін табу тікелей математика пәні мұғалімдерінің әдіснамалық білімдерінің терең де сапалы болуын қажет етеді. Осы орайда, докторанттың зерттеу жұмысы, болашақ математика мұғалімінің электронды дидактикалық құрал-жабдықтарды қолдануға әдіснамалық білімдерін қалыптастыру мәселелеріне арналған.

Зерттеуші математика мұғалімінің әдіснамалық білімдерін қалыптастыру бағытындағы ғалымдардың еңбектері (Л.Я. Зорина, Э.Н. Скаткин, И.Я. Лернер, Ш.Т. Таубаева, Д. Рахымбек, Д.В. Вилькеев, В.В. Краевский және т.б.) талданып өзіндік ойларын да білдірген.

М.А. Абдуалиева зерттеу жұмысында математика мұғалімдерінің электронды дидактикалық құрал-жабдықтарды қолдануға әдіснамалық дайындығын қалыптастырудың басты шарттарын айқындап, оларды жүзеге асырудың әдістемесін дайындаған.

Сонымен бірге зерттеу жұмысының ғылыми және жалпы мемлекеттік бағдарламалармен тығыз байланыстары бар. Айталық, Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасында «...оқытудың жаңа әдістемелері мен технологияларын енгізу есебінен тәрбиелеу мен оқыту мазмұнын жаңарту керек» делінген. Ал, Елбасымыз Н.Назарбаев Қазақстан Республикасын 2020 жылға дейін дамытудың стратегиялық жоспарында «... барлық білім беру жүйесін одан әрі ақпараттану мен электронды оқытуды жаппай енгізу бағдарында білім беруді түбегейлі жаңартудың басты бағыты электрондық оқыту», деп атап өткен еді. Осы тұжырымдар ізденуші М.А. Абдуалиеваның ұсынып отырған жұмысының өзектілігін көрсетеді.

2. Диссертацияға қойылатын талап деңгейіндегі ғылыми нәтижелері.

Ізденуші зерттеу барысында келесі нәтижелерге қол жеткізген:

1. Болашақ математика мұғалімдерін дайындауда оларға қажетті әдіснамалық білімдердің рөлі мен орнын дәйектеген.

2. Электронды дидактикалық құрал-жабдықтарды қолдануға болашақ математика мұғалімдерінің әдіснамалық білімдерін қалыптастырудың құрылымдық моделі жасалынып оны іс-жүзіне асырудың педагогикалық мүмкіндіктерін анықтаған.

3. Болашақ математика мұғалімдерінің электронды дидактикалық құрал-жабдықтарды қолданудағы әдіснамалық білімдерін қалыптастырудың әдістемесі ұсынылып, оқу үдерісіне ендірген.

3. Ізденушінің диссертациясында тұжырымдаған әрбір нәтижесінің, тұжырымдары мен қорытындыларының негізделу және шынайылық дәрежесі.

Бірінші нәтиженің негізделуі және шынайылығы философиялық, психологиялық-педагогикалық, әдістемелік зерттеулерге сүйеніп қорытынды жасауымен анықталған.

Екінші нәтиже арнайы таңдау курсының мазмұнын анықтап, оны сынақтан өткізіу арқылы негізделген қорытынды шығарылуымен сипатталады.

Үшінші нәтиженің негізделуі және шынайылық дәрежесі –арнайы педагогикалық эксперимент арқылы тексеріп, нәтижелеріне статистикалық талдаулар жүргізілгендігімен және эксперимент қорытындыларының математиканы оқыту үдерісіне ендірілуімен анықталған.

4. Ізденушінің диссертациясында тұжырымдалған әрбір ғылыми нәтиженің (қағиданың), тұжырымдар мен қорытындылардың жаңалық дәрежесі.

Бірінші нәтиже жаңа – болашақ математика мұғалімдерінің электронды дидактикалық құрал-жабдықтарды қолданудағы әдіснамалық білімдерінің қазіргі деңгейі алғаш рет анықталып, рөлі мен орны көрсетілген.

Екінші нәтиженің жаңалық дәрежесі – болашақ математика мұғалімдері үшін әдіснамалық білімдерді қалыптастырудың жүйеленген мазмұны мен оңтайлы әдістемесін жасап, оны таңдау курсы ретінде бірінші болып оқыту үдерісіне енгізгендігі.

Үшінші нәтиже жаңа, - себебі болашақ математика мұғалімдерінің электронды дидактикалық құрал-жабдықтарды қолдануға әдіснамалық білімдерді қалыптасуының әдістемелік тиімділігі тәжірибе жұмыстары арқылы алғаш тексеріліп, дәлелденген.

5. Алынған нәтижелердің ішкі бірлігінің бағалануы

Зерттеу жұмысында алынған нәтижелердің ішкі бірлігі сақталған. Ол талап етілген тізбек бойынша жүргізіліп, зерттеу өзектілігі, мақсаты, нысаны, ғылыми болжамы, мәні, мәселесі, міндеттері, жетекші идеясы, жаңалығы, теориялық және практикалық маңыздылығы айқын тұжырымдалып көрсетілген. Сонымен қатар, зерттеуде қорғауға ұсынылған қағидалар зерттеу жоспарына сай бірізді тізбекпен берілген.

Зерттеу жұмысының теориялық маңыздылығы белгілі ғалымдардың еңбектері мен теориялық тұжырымдамаларына талдау жасалынып, ал тәжірибелік маңыздылығы жүргізілген педагогикалық тәжірибе арқылы тексеріліп дәлелденген.

6. Ізденушінің алған нәтижелерінің тиісті өзекті мәселені, теориялық немесе қолданбалы міндетті шешуге бағыталғандығы.

Зерттеу жұмысында болашақ математика мұғалімінің электронды дидактикалық құрал-жабдықтарды қолдануға әдіснамалық білімдерін қалыптастырудың теориялық негіздері айқындалып, қолданбалы міндеттердің шешімі табылған:

- болашақ математика мұғалімінің электронды дидактикалық құрал-жабдықтарды қолдануға әдіснамалық білімдерін қалыптастырудың теориялық негіздері айқындалған;
- болашақ математика мұғалімінің электронды дидактикалық құрал-жабдықтарды қолдануға әдіснамалық білімдерін қалыптастырудың моделі жасалып, педагогикалық шарттары анықталған;
- болашақ математика мұғалімінің электронды дидактикалық құрал-жабдықтарды қолдануға әдіснамалық білімдерін қалыптастырудың әдістемесі ұсынылып, «Электронды дидактикалық құрал-жабдықтарды қолдану әдіснамасы» таңдау курсы бойынша оқу-әдістемелік кешені құрастырылған және оқу үдерісіне ендірілген;
- «Электронды дидактикалық құрал-жабдықтарды қолдану әдіснамасы» электронды оқу құралы даярланып, ҚР ӘМ зияткерлік меншік нысанын тіркеу куәлігін алған.

Зерттеу нәтижелерін жоғары оқу орындарының болашақ математика мұғалімін дайындайтын факультеттері мен бөлімдерімен қатар, мамандардың біліктілігін арттыру жүйесіне де пайдалануға болады.

7. Диссертацияның негізгі қағидасының, нәтижесінің, тұжырымдары мен қорытындыларының жариялануына растама.

Зерттеушінің іздену жұмыстарының негізгі қағидалары, нәтижелері, тұжырымдары мен қорытындылары жалпы 22 жарияланымы бар. Оның ішінде ҚР БҒМ білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің бұйрығымен бекітілген басылымдарда 4 мақала, рейтингтік журналдарында

(Scopus және Web of Science базасына кіретін) 2 мақала, ҚР және шетелдегі Халықаралық ғылыми-практикалық конференцияларда 12 мақала, шетелдік ғылыми журналдарда 2 мақала, 1 оқу-әдістемелік құралы, 1 авторлық құқық объектісіне құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы куәлігі бар (куәлік №0775, 16.03.2018) электронды оқу құралы жарыққа шыққан.

8. Диссертациялық жұмыс бойынша ескертпелер мен ұсыныстар

Дегенмен, диссертациялық жұмыстың мазмұны мен рәсімделуіне катысты келесі ескертпелер бар:

1. Ұсынылып отырған «Электронды дидактикалық құрал-жабдықтарды қолдану әдіснамасы» арнайы курсы математика мұғалімдері мен басқа пән мұғалімдерінің пайдалануына арналған әдістемелік ұсыныстар келтіре кеткенде жұмыстың қолданбалық мүмкіндігі ашыла түскен болар еді.

2. Диссертациялық жұмыста грамматикалық және стилистикалық қателіктер кездеседі.

Алайда, бұл көрсетілген сын-ескертпелер диссертацияның жалпы ғылыми құндылығын төмендетпейді.

9. Диссертацияның «Ғылыми дәрежелер беру Ережелерінің» талаптарына сәйкестігі

Диссертация ізденушінің жеке, жоғары ғылыми дәрежеде орындалып, аяқталған ғылыми-зерттеу еңбегі болып саналады. Алынған нәтижелер анықталған, шешімдер мен қорытындыларға негізделген. Әрбір бөлім мен жалпы жұмыс үшін нақты тұжырымдар жасалынған.

Абдуалиева Маржан Амирбековнаның философия (PhD) докторы ғылыми дәрежесіне сәйкес ізденіске ұсынған «Болашақ математика мұғалімінің электронды дидактикалық құрал-жабдықтарды қолдануға әдіснамалық білімдерін қалыптастыру» тақырыбы бойынша диссертациялық жұмысы ғылыми жаңалыққа ие және тәжірибелік маңыздылығы жоғары, аяқталған ғылыми жұмыс болып табылады.

Диссертациялық жұмыс жоғары дәрежеде және ҚР БҒМ Білім және ғылым саласын бақылау комитетінің философия докторы диссертациялық жұмыстарына қойылатын талаптарына сәйкес орындалған. Сондықтан Абдуалиева Маржан Амирбековнаның «6D010900-Математика» мамандығы бойынша философия (PhD) докторы ғылыми дәрежесін алуға толық лайықты деп санаймын.

Ресми рецензент

«Өрлеу»БАҰО»

АҚФ Түркістан облысы және

Шымкент қаласы бойынша

ПҚБА институтының

Академиялық бөлімінің бастығы

педагогика ғылымының кандидаты



М.А. Керимбеков